

Хаттама №1

Атырау қаласы

01. 09. 2021-жыл

Жиналыс мақсаты: Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау, қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары, функцияларымен таныстыру.

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 7-мүшесі

Мектеп басшысы : Жарманова А.К

Әлеуметтік педагог : Ергалиева Р.Е

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау.

2. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары, функцияларымен таныстыру.

Тыңдалды: Мектеп басшысы Жарманова А.К қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеті туралы таныстырып; өтті.) қамқоршылық кеңестің мақсаты: білім беру ұйымына қолдау көрсету, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық – техникалық базасының нығайуына септесу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екенін айтты. Қамқоршылық кеңесі жұмысының бағыттарымен функцияларымен де таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесінің бағыттары: білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс – шараларға көмек көрсету. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен мен жұмыспен қамтылуын жақсарту. Білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу мен білім беру ұйымы басшылығының қамқорлық кеңесі алдындағы есебін тыңдап қабылдау керектігі туралы айтты.

Тыңдалды: Әлеуметтік педагог Ергалиева Р.Е шығып сөйлеп, жалпы ата-аналар жиналысында қамқоршылық кеңесінің мүшелері сайланған болатын, Кеңес құрамына жеке кәсіпкерлер және ата-аналар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері бар. Бүгінгі жиналыстың мақсаты қамқоршылық кеңестің төрағасын, хатшысын сайлау керектігін айтты.

Шығып сөйледі : Смагулова А (ата-аналар комитетінің төрағасы) қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау үшін мектептен үнемі тығыз байланыс жасайтын, жауапкершілігі бар, бос уақыты бар кісі керек екендігі айтылды.

Шығып сөйледі : Ажигалиев А.Б (ЖСШ) жеке кәсіпкер Исмағамбетов А.К үнемі мектеппен байланыс жасап тұратындығын айтып, төраға болып сайлауына ұсыныс жасады.

Шығып сөйледі: мектеп басшысы Жарманова А.К кеңес құрамының жұмысын бастауына сәттілік тілей отырып, осы мүшелердің мектеппен үнемі тығыз байланыста болуына, спонсорлардың мектептің материалдық базасының нығайуына өз үлестерінің қосатынына сенім білдірді.

Шешім :

1. Қамқоршылық кеңесінің төраға болып, Исмағамбетов А.К. сайлансын.

2. Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандыру, қайырымдылық жұмыстарын жүргізу алға қойылсын .

3. Мектептің материалдық базасының нығайуына үлес қосу, оның қызметіне бақылау жүргізу қамқорлық кеңесінің мүшелеріне жүктелсін .

Хатшы:  Черкалова О.